● Тілге құрмет – елге құрмет

Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді білу талап етілсе...

Қандайда халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы — оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенетіні белгілі. 1997 жылдың 11-шілдесіндегі ҚР-ның «ҚР-дағы тіл туралы» заңы мен Елбасының 2001 жылдың 7-ақпанында №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік басқару органдарында мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту және оны оқыту сапасын арттыруды басым бағыттардың бірі ретінде айқындады. Бұл құжаттарды қабылдау, тек қажетті құқықтық кеңістікті қалыптастырып қана қоймай, жергілікті жерлерде, облыс деңгейінде мемлекеттік тілді дамыту мәселелерін шығармашылық тұрғыдан шешу үшін нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік берді.

ҚР Әділет министрлігі Қылмыстық атқару жүйесіне мемлекеттік тілді барынша енгізу, іс-қағаздарды қазақша жүргізу, сол арқылы мемлекеттік тілдің мәртебесін де, мерейін де арттыра түсу үшін бірқатар оң істерге өріс ашып отыр. Мемлекеттік тілдің дамуы, қолданыс аясында кеңеюі қандайда бір мекеменің, ұйымның тарихымен тығыз байланысты екені мәлім.

Тіл қазақтың ары да, бары да деп тілдерді дамыту басқармасының бастығы О.Асанғазықызының намысты ұлтының рухын асқақтатып, мемлекетті нығайтатын қазақ тілі туралы тіл бағдарламасын талқыға салды.

Мемлекеттік тілді дамытудың, оның қолданыс аясын кеңейтудің оңай емесіне көзіміз жеткені қашан. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» деуінің астарында алдымен мемлекеттік қызметте үлкен-кішілі лауазымдарды атқаратын қандастарымыздың қазақ тіліне шорқақ екенін, тілі күрмеліп қазақтың жуан дыбысты әріптері орысшаланып жатса да «көрмес түйені де көрмес» болып, «аузы қисық болса да байдың баласынікі дұрыс» боп жатқан заманымызда қалайша біз тіл тағдырын талқыға саламыз.

Атамыз – қазақ, жеріміз – қазақтікі, мемлекетіміз қазақтікі, туысымыз қазақтікі, ал солай бола тұра неге санаулы адам ғана қызыл кеңірдектеніп тілі үшін шырылдауы керек. Менің де таң қалатыным басылым бетінде, теледидарда сол тілдің осы күнге дейін оңтайланбай орысшаланып жатқанына жаным түршігеді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болып бекітілгелі бері неге біздің тақырыбымыз сол тілдің жетістігі мен ұшқырлығы туралы толғанып жатпаймыз. Мемлекеттік тіл болғаннан соң қазақ еліне тағдыр талайымен келіп, қоныстанып қалған, өсіп-өрбіген барша этнос өкілінің тілі болған. Сол ұлттар Отаным деп танитын елдің мемлекеттік нышаны емес пе. Қандай қоғам болса да, өзара түсінісу үшін бір-біріне ортақ тіл таңдайды. Қазақ тілі — осындай барлық қазақстандықтардың ортақ тілі.

Еліміздегі тіл саясаты он жыл бойы тілдерді қолдану мен дамытудың бағдарламасы бойынша жүргізіліп келеді дейміз. Дейміз де шұрайлы өз тілінен өшін алмақ болғандай орыс тілінде сөйлегені былай тұрсын, отбасындағы жас ұрпағын да сол орысшаға бұрып тәрбиені де орысша беріп жатқандарды кешегі ескі заманның шокпары ма дейсің. Мысалы француз халқы тұратын Францияда тек қана французбен ғана тұрмайды, ал бірақ сол тұрақтанғандардың барлығы да дерлік француз тілінде сөйлейді екен. Қытай да, Ресей де, Испания да өз тілінде сөйлейді екен. Өйткені ол жерде «бір мемлекет — бір тіл» ұғымы өркениетті елдердің барлығы үшін аксиома. Онсыз ортақ құндылықтардың қалыптасуы қиын. Бір мемлекет ортақ үй, ортақ ұжым ретінде қалыпты өмір сүруі, дамуы керек. Сол үшін сол мемлекеттің азаматтығын алған адамдар мемлекеттік міндетті жоғары қоюы керек. Мемлекет нығайғанда ғана жеке адамдардың бейбіт өмірі, тыныштығы сақталады және ел азаматтары өзінің қабілетін толық ашып, орнықты қызмет істей алады, белгілі бір беделге ие болады, дәулеті асады. Қазіргі Қазақстан жағдайында азаматтардың мемлекеттік тілді меңгеруіне, үйренуіне, толық мүмкіндіктер жасалынған. Жасалынған жағдайды өз қажеттеріне жарата алмаған мемлекеттің тұрғындарын алдаусырата алмаймыз, тіл мәдениеті үшін, тіл құдіреті үшін ұлт болып атсалысуымыз қажет. Мемлекеттік тілді қолданудың абырой-беделін көтеру және оған деген қажеттілік пен сұраныстың кеңейту жөніндегі ұсыныстарды жүзеге асыру да қарастырылған. Демек, күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлесу мәдениеттілік пен зиялылықтың дәрежесіне, жастардың ортасында сәнге, сондай-ақ, ата-бабаның тіліне қамқорлық көрсету мен қазақ патриотизмінің шынайы көрінісіне айналуы керек.

Бірінші мақсатта мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы екендігін нығайтудың жолдары айқындалған. Балабақшадан бастап үйретілген қазақ тілінің бұрмаланбай кең қолданыста жүруін қадағалау ұлт саясатына қажет. Сонда ғана болашағы баянды болары сөзсіз. Басқа-басқа, қазақ тілінің майын тамызар заңғар жеткілікті. Осындай жетістігіміз бола тұра үйреншікті орыс тіліне жабыса беретініміз бар.

Мемлекеттік қызметке орналаспақ бұрын алдын ала арнайы тесттен өткізіледі. Конкурсқа қатысуға тілек білдіруші Ата Заңнан бастап түрлі заңнамаларды білу талабы қойылады. Дұрыс, бұл ел заңдылықтарына мойынсұну үшін қажет. Алайда, осы ретте бос орындар үшін өткізілетін конкурсқа талаптары бойынша мемлекеттік тілді білуі міндет екені көзделмейді.

Неге? Өйткені Ата Заңның талабына сәйкес мемлекеттік тіл — қазақ тілі. Неге екені белгісіз, мемлекеттік тілді әсіресе, мемлекеттік қызметкерлердің меңгеруін қажет деп ешкім қол батырып айта алмайды. Міне, бұл — мемлекеттік тілді меңгеруі қажеттігі мен сұраныстың қалыптастыра алмауымыздың басты кемшілігі. Осыдан әрбір мемлекетік бос орындарға қатысушыларға үміттенген үміткерлерге мемлекеттік тілді меңгергенінің қажеттігін міндеттеген жөн деп есептеймін. Бұл өзіміз үшін де, отандас болған өзге ұлттар үшін де, келешек ұрпақтар үшін де қажет болатын іс.

Осыған орай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде, дамытуда мемлекеттік бағдарлама әзірленгені барша жұрттың қуанышы. Мемлекеттік тілге сұраныстың қалыптастыра отырып, мемлекеттік бағдарлама мақсаты да, оны іске асыруға байланысты ұмтылыс пен нақты істің байламы да бір арнаға тоғысып, ана тілімізді төрімізге оздыра алар едік. Осы тұста қазақ тілің қасиеті мен құдіреті аясында, қазақ тілінің жанашыры мен қолдаушысы ретінде ҚАЖҚ ОҚО бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты жаңа ғана бой көтерген ИГ 167/4 мекемесіндегі қазақ тілінің болашағы баянды екенін мақтан ете аламын. Мекемеде түрлі ұлт өкілдерінің арасында «Тіл туралы сайыс» деген атпен конкурстар өту үрдіске айналды десем артық айтпаған болар едім. Мемлекеттік тілді ортақ тіліне айналдырған басқа ұлт өкілдері де «Сен қоя тұр, мен айтайын» дегендей бір-бірінен қалыспай өз әуендерімен қазақ әндерін де шырқап мемлекеттік тіл білмейтін азаматтар мемлекеттік қамқорлығын сезініп, осы мүмкіндікті тиімді пайдаланып, тіл үйренуді парыз бен міндетіміз деп жатқанының куәсіміз. Міне сол әріптестеріміздің барлығы аудармашыны талап етпей, өз қабілеттілігімен үйренгендер. Енді сол қазақ тілі үшін сайысқа түсіп тілге жанашырлық көрсетіп отыр.

70-жылдардың белгілі ақыны Әбділда Тәжібаев бір республикалық газетке тіл жөнінде мақала жазып, онда «әрбір ұлт өзінің ғана ана тілін ұмытпауы керек» деген сөзі үшін ғана орталық билік тарапынан сынға «ұшыраған» болатын. Ұлттығымыздың мойны қарғылы, аяғы кісенді кезінде аға халықтан көрген жәбірін тізе берсек көп, әрине. Бүгінде сол тас бұғаудан босап, егемендіктің қызығын көргелі, ұлттық тіліміз де бүріскен қанатын жайып, кеудесін тіктеп келеді. Осы мемлекетіміздің, тіліміздің әсіресе еліміздің орысшаланып кетпей ұлтжанды жандарымыз көбейе берсе, ел ішінде мұндай азаматтарсыз туған тіліміздің жұлдызы биіктей беретіні сөзсіз.

Тіл құдіретін арттыру аясында аянбай ізденіп, талмай еңбек ете беру міндетіміз. Мен мемлекеттік тілдің болашағын жарқын екенін білемін. Елбасымыз бас болып, мемлекеттік тіл жағдайын көтеруде аянып жатпаған мен қызмет ететін Иг 167/4 мекемесіндегі оң істердің мақтанышына масаттана отырып мекемедегі тіл туралы бағдарламаны іске асыруда ауыз толтырып айтар істер көп-ақ.

Тілдерді дамыту басқармасының бастығы О.Асанғазықызы айтпақшы тіл — қазақтың ары да, бары да.

Ұлттық санасы ояу, жүрегі елім деп соғар әр адам халқының қамын жеп, туған тілге жанашыр болатыны сөзсіз. Халқымыздың халықтығының басты белгісі — тіл. Сондықтан, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет. Зор еңбек пен қажырлылықтың арқасында қазақ тілі болашақта өзінің қолданыс аясын кеңейте түспек. Халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан асыл қазынасы, ұлтымыздың басты байлығы — тіліміздің жолында жанкештілікпен, адал қызмет жасай беруіміз қажет. Тіл тұтастығы мен ауызбірлігі бар жерде өзге елдердің алдында қашан да жүзіміз жарқын, мәртебеміз биік болатынын ұмытпайық.

Жеріміз бүтін, халқымыз аман, ендеше тосылатын не бар?!

Тек биікке самғар қанатымыз қатайсын делік.

Айнұр КЕНДІБАЙ,
Иг 167/4 мемкемесінің арнайы бөлім бастығы, әділет лейтенанты.

● Көрнекті философ, ғалым, ұстаз Қ. Рахматуллиннің туғанына 90 жыл толуына орай

Рахматуллиннің философиялық мектебі

Аса көрнекті философ, ғалым, ұстаз, Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер Рахматуллин Қасым Халиуллаұлы тірі болса бұл күндері 90 жасқа толар еді. Ол ғалым ретінде философиялық ғылымның шыңына жеткен ғалымдардың арасында шоқтығы биік дара тұлға. Сан қырлы философия ғылымында өзіндік жолын тапқан, өзінің философиялық мектебін қалыптастырған, өзі тәрізді тереңнен толғайтын, даналыққа құштар ойшылдарды тәрбиелеген тәлімгер ұстаз еді. Жақында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғалымның 90 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция өтті. Төменде ғалым шәкірттерінің ұстазға арналған материалы жарияланып отыр.



Рахматуллин Қасым Халиуллаұлының өмірі мен шығармашылық қызметі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Философия және саясаттану факультетінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты. Қазақстанда кәсіби философтарды дайындайтын бірден-бір оқу орны ретінде ҚазҰУ-дің философия факультеті тамаша табыстарға қол жеткізіп келеді.

Осындай жетістіктерге жетуде Қасекеңнің қосқан үлесі зор. Қасым Халиуллаұлы 1971 жылы факультет құрылымына жаңа өзгерістер енгізуге мұрындық бола отырып, факультетті басқарудың тиімді әдістерін ұсынды. Осылайша, факультет құрамында жаратылыстану, гуманитарлық факультеттерге арналған философия кафедрасы, философия тарихы, этика, эстетика және атеизм кафедралары құрылды. Кафедра басшылығына келгеннен Қ.Х. Рахматуллин өзін көрнекті ғалым-ұйымдастырушы, дарынды педагог ретінде көрсете білді. Қасым Халиуллаұлы кафедраның сан-салалы жұмысын уақыт талаптарына сай, заманауи тұрғыдан өзіне дейінгі дәстүрді сақтай отырып дамытуға атсалысты.

1971 жылы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жолдамасымен кафедра басшылығына келген Қ.Х. Рахматуллин ұжымда іскерлігімен, әділдігімен, шығармашылық ізденімпаздығымен абырой-беделге ие болды. Уақыт пен қоғамның философия ғылымының алдына қойған жаңа міндеттерін ғалым-педагогтардың өмірлік және ғылыми тәжірибесін ұштастыра отырып шешуге бел буды. Университеттің барлық жаратылыстану факультеттерінде диалектикалық және тарихи материализм жалпы курсы және философия курсы бойынша осы кафедраның ұстаздары дәріс өткізуге көшті.

Рахматуллиннің басшылығымен философия факультетінде диалектикалық материализмнің, диалектикалық логиканың, жаратылыстанудың философиялық мәселелері және арнайы курстардың жүйесі дайындалып, бағдарламалары жасалды.

Қасым Халиуллаұлының жетекшілігімен кафедра ұжымы философияны оқытудың жаңа әдістерін, логикалық құрылымын жасап, республикада ғана емес, бұрынғы одақ көлемінде белгілі болды. Жаратылыстану факультеттерінде философияны жоғары кәсіби деңгейде оқыту үшін Қасым Халиуллаұлының жетекшілігімен жаратылыстанушылар үшін философияның жалпы теориялық және әдістемелік қызметін жаңжақты әрі толыққанды ашатын түрлі әдістемелік құралдар дайындалып жарық көрді.

Рахматуллин Қасым Халиуллаұлының шығармашылық қызметін жоғары бағалаған әріптестері оны республикалық философ оқытушылардың біліктілігін жетілдіру институтына дәрістер оқуға шақыртты. Сондай-ақ Қасым Халиуллаұлы облыс орталықтарының жоғары оқу орындарының философиялық кафедраларына ғылыми және әдістемелік көмек беруге қол ұшын берді. Ғалымның ғылыми жұмыстарына қызығушылық танытқан ММУ-дің диалектикалық материализм кафедрасы диалектиканың және жаратылыстанудың философиялық мәселелеріне қатысты пікірталастарға оны жиі шақыратын. Кеңестік философиялық жүйеде диалектикалық және тарихи материализм ілімі табиғаттың, қоғамның және ой-сана дамуынының жалпы заңдары туралы ғылым ретінде және философиялық білімнің негізгі өзегі ретінде оқытылды. Кеңестік коммунистік идеология партиялық-философиялық ойлау жүйесін таптық философиялық ойлау арнасына салып қойған еді. Бұл адам ойының еркін шарықтауына мүмкіндік бермейтін.

Қасым Халиуллаұлы ғылымға мұндай тұрғыдан келуден батыл бас тартты. Ол ғалам және оның құрылымын зерттеуге ұмтылды. Ол «Жизн во Вселенной», А. 1975; «Звезды: Наука и суеверия» А., 1984 ж., «Борьба мировоззрений в космологии» А., 1962, «Эйнштейн әлемінде» А., 1975, А., «Диалектической материализм и современная астрономия» А., 1985 деген еңбектерінде астрономияның бір саласы ретінде оның философиялық мәселелерін көтерді. Астрономия ғылымының заңдылықтарын философиялық тіл мен категориялық жүйесінде сөйлеткен Қасым Халиуллаұлы аспан денелерінің, жұлдыздар мен планеталардың, космостық материяның басқа да формаларының құрылымы мен қозғалысын және дамуын философиялық тұрғыдан пайымдап, космонавтиканың философиялық негіздері мен өлшемдерін зерттеді.

Аспан денелері мен олардың жүйелерінің кеңістіктегі орны мен қозғалысының заңдылықтарын философиялық ұғымдар арқылы баяндаған бұл еңбектерде астрономияның, жаратылыстану ғылымы мен адам танымының тәжірбиелік қайнар көзін кеңістік пен уақыт аясында кеңейтті. Ғалымның аспан мен жұлдыздар әлемін танып білуге құштарлығын, ғаламат қашықтықтағы ғарыш денелерін көріп, танып білуге деген ұмтылысына қайран қаламыз.

Оның ұшқыр ойы, ғарыштың сансыз жұлдыздар әлемі мен планеталарында еркін көсілетін. Астрономия ғылымы Қасым Халиуллаұлы үшін жаратылыстану ғылымының философиялық мәселелерін дұрыс, шынайы ашылуына көмектесетін және өзінің ғылыми ізденістері үшін еркін кең құлаш жаюуына барынша жол ашатын шығармашылық ізденістің қайнар көз болып табылатын.

Құпия сырға толы жұлдыздар әлемі мен олардың табиғатын, аспан кеңістігіндегі орны мен қозғалысын қарапайым оқырман үшін түсінікті тілде жеткізе білген Рахматуллин еңбектері мыңдаған аспан әлеміне ғашық жандардың ізденістеріне жол ашты. Қасым Халиуллаұлының астрономия және космонавтика, космологияға байланысты жазған ғылыми мақалалары Америка Құрама Штаттарының ұлттық аэроғарыштық бірлестігінің (НАСА) аспан әлемі мен ғарыш саласына қатысты дүниежүзілік мақалалар көрсеткішінің санатына қосылған. Бұл да ғалымның еңбегіне әлемдік ғылыми қауымдастық тарапынан берілген жоғары баға деп білеміз.

Қасым Халиуллаұлының қазіргі ғылым мен техникада болып жатқан осы жүйенің барлық салаларын және технологиялық қатынастардың барлық жақтарын тұтас қамтитын ғылыми-техникалық революцияның жетістіктерін өндірісте қолданудың бағыты болып табылатын автоматтандыру үдерісіне қатысты бірқатар ғылыми мақалалар жазды. Қоғамның өндірістік күштерінің түбірімен өзгеруін айқындайтын осы үдерістердің бәрі дерлік қазіргі заманның ғылыми жетістіктерінің негізінде ғылым мен техника, ғылым мен материалды өндірістің үндесуі негізінде жүретіндігін болжайбілді. Қазіргі заман жағдайында ғылыми-техникалық іргелі өзгерістер қоғам мен адам өмірінде жан-жақты ықпал ете бастады. Ғылым тікелей өндіргіш күшке айналып, материалдық игіліктерді өндіруші адамдардың өздерін де ығыстыра бастағанына бастағанына куә болып жүрміз. Автор мұндай жаңалықтар адамзат баласының мәдени-техникалық деңгейін арттырып, интеллект пен шығармашылық қабілеттерін дамытқандығын жаратылыстану ғылымдарының негізінде жүзеге асқандығын ғылыми-философиялық тұрғыдан дәлелдейді. Ойшыл ғалым ғылыми техникалық революцияның қоғамдық мәні, адамның орны мен рөлін өзгертіп, оның мазмұнды да толыққанды шығармашылық еңбекке жұмылдыруына мүмкіндік беретіндігін атап көрсетеді.

Рахматуллин Қасым Халиуллаұлы материалистік диалектиканың категорияларын және ұстанымдарын басшылыққа ала отырып қазіргі жаратылыстану ғылымдарының (география, астрономия, космология) өзекті философиялық мәселелеріне талдау жасауда елеулі жетістікке қол жеткізді. Қ.Х.Рахматуллиннің осы салада атқарған еңбектері жаратылыстану ғылымдарының философиялық негіздері мен астарларын ұғынуға және білім интеграциясының күрделі үдерісінің қыр-сырын танып білуге жол ашты. Жаратылыстану ғылымдары өзінің негізінде теориялық жағынан (категориялар, заңдар, болжамдар, теориялар), сонымен қатар, ғылыми зерттеулерінің тәсілдері мен әдістерін дайындау жағынан философиялық ғылыммен үндеседі. Бұл өз кезегінде философияның дамуына ықпал ететіндігін ашып көрсеткен ғалым, жаратылыстанудың философиялық мәселелерін терең зерттеп, рационалды тұрғыдан танып білмейінше материалистік диалектиканың өркендеуі елеулі қиындықтарға ұшырайтынын айтады. Ол жаратылыстану ғылымдарының, астрономияның, космонавтиканың, географияның қазіргі адамзат қоғамының өмірінде рөлінің арта түскенін, ғылыми-техникалық серпіліске жаңа серпін бергенін өзінің шығармашылық ізденістеріне арқау еткен. Қасым Рахматуллин шын мәнінде жаратылыстанудың философиялық мәселелерін зерттеген майталман ғалым, көрнекті ойшыл.

Өмірде осындай із қалдырған ғалымның мұрасы кейінгі толқын жас ғалымдардың ізденіс нысанына айналатындығы даусыз.

Нағима БАЙТЕНОВА,
философия ғылымдарының докторы, профессор.
Бағдат БЕЙСЕНОВ,
философия ғылымының кандидаты.

● Отандық өнім

«Барыс» аккумуляторы «Жыл бренді» атанды

Кедендік Одақтың құрылуы аккумуляторлық батареялар шығару бойынша еліміздегі жетекші кәсіпорын болып саналатын Талдықорғандағы «Қайнар АКБ» ЖШС-нің өндіріс ауқымын кеңейтіп, жаңа нарыққа шығуына жол ашты.

Алматы облысы аумағындағы жүзеге асырылып жатқан «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша берілетін мемлекеттік субсидиядан үміткерлердің алғашқысы болып тіркелген кәсіпорын ұзақ мерзімге жоспарланған даму бағыттарының бірін іс жүзіне асыруға белсене кірісті. Серіктестік «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» АҚ қажеттілігін өтеуге арналған өнімдер шығаруды табысты түрде қолға алды.

«Қайнар АКБ» ЖШС Бас директоры Қуаныш Әжмағамбетовтың айтуына қарағанда, үстіміздегі жыл кәсіпорын үшін зауыт тарихында бұрын-соңды болып көрмеген табысты кезең болып отыр және соның арқасында өндіріс орны халықаралық нарықтағы өз орны мен мәртебесін одан ары нығайтып, арттыра түскен.

Талдықорғанда қорғасынды аккумуляторлар зауыты өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңында ашылған. Қазақстандағы бірден-бір аккумуляторлар шығаратын кәсіпорын болғандықтан, сол кездегі Кеңестер Одағы аумағында жұмыс істейтін осындай зауыттардың алғашқы бестігіне енетін. Соның арқасында болар, КСРО таркап, оның құрамындағы республикалар дербес мемлекеттерге айналған тоқсаныншы жылдардағы жеткізушілер мен тапсырыс берушілер арасындағы байланыс үзілген шақта да зауыт өзінің материалдық-техникалық базасы мен кадрларын сақтап қалды.

«Қайнар АКБ» ЖШС-нің өткен жылы шығарған аккумуляторлар саны алты мың данадан асып жығылды. Кәсіпорын өз өнімдерін – жүк және жеңіл автокөлікке арналған қосқыш батареяларды еліміздің барлық өңірінде орналасқан көтере сатып алушы фирмалар желісі арқылы және Қорғаныс министрлігі мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырыстарына сай өткізеді. Сонымен бірге, «Қайнар АКБ» ЖШС – еліміздегі экспортқа бейімделген жетекші кәсіпорындардың бірі. Шығарылған өнімдерінің 70 пайызға жуығы алыс және таяу шетелдерге сатылады. Зауыттың шикізаттық емес бағыты, аккумуляторлар шығару жөніндегі әлемдік көшбасшылардың (АҚШ, Италия, Германия) тәжірибесін белсенді түрде қолдануы, сапаны мұқият бақылауы өз кезегінде мемлекет тарапынан да үлкен қолдауларға ие болып отыр. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту» қорының Алматы облысы бойынша аймақтық филиалының қолдауымен сыйақының пайыздық мөлшерлемесінің үштен екі бөлігі «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын орындау аясында мемлекетпен өтеледі.

Зауыт жетекшілерінің ойынша, Кедендік Одақтың іске қосылуына байланысты мемлекеттің қолдауы, әкімшілік-қаржылық ресурстарға қолжетімділік пен өнімдерді экспорттау үрдісінің жеңілдетілуі кәсіпорынның шығаратын өнімдер түрлерін барынша көбейтуге зор мүмкіндік берді. Соңғы кездерде дейін «Қайнар АКБ» ЖШС сауда желісін негізінен отыз бес түрлі аккумуляторлық батареялар құрайтын. Биылғы күзде кәсіпорын осыларға қоса индустриалдық аккумуляторларды игеруге кірісті. «Қазақстан теміржолы» Ұлттық компаниясы» АҚ тапсырысымен жасалған теміржолдағы семафорлық аккумуляторлардың алғашқы легі зауыт цехынан шығарылып, сынақтан өткізілуде және оның ойдағыдай болары анық. Тағы бір айта кететін жаңалық талдықорғандық зауыт – бұрынғы кенестік кеңістіктегі республикалар арасында тура осындай аккумуляторлар шығаруға батыл әрі сенімді түрде кіріскен ең бірінші кәсіпорын. Барлығы ойдағыдай болса, биылғы жылдың соңына дейін өнім көлемі бір жарым есеге артады деген батыл болжам жасалыпты. Осыдан біраз бұрын облыс орталығында өткен «Қазақстанның үздік тауарлары» конкурсына «Ірі бизнес» аталымы бойынша қатысқан «Қайнар АКБ» ЖШС-нің «Барыс» аккумуляторлары «Жыл Бренді» деген мәртебеге ие болды.

● Қаржы секторы

Банктің стратегиялық мақсаттарына қызмет етпек

22-қазанда «БТА Банкі» АҚ осы жылдың 12-қазанындағы БТА Банкінің «БТА Сақтандыру Еншілес компаниясы» Акционерлік қоғамы директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Компанияның Басқарма Төрағасы ретінде Сергей Лаврентьев тағайындады. Ол бұл қызметте Компанияның бұрынғы басшысы Владимир Шевченконы ауыстырды.

Сергей Петрович Лаврентьев – Қазақстан Республикасының азаматы, 1951 жылдың 5-сәуірінде Алматы қаласында дүниеге келді. Сақтандыру саласындағы қызметін 1992 жылы «Алма-Ата-АСКО» сақтандыру компаниясынан бастады. 1992-2009 жылдар аралығында «Тұмар», «Қазкоммерц Полис», «Альянс Полис», «Евразия» сақтандыру компанияларында басшылық қызметін атқарды. «Алма-Ата-АСКО», «Альянс Полис» сақтандыру компаниялары мен «Алма-Ата – АСКО Ре» қайта сақтандыру компанияларында басқарма төрағасы қызметін атқарды. Қазақстан Республикасындағы газ өнеркәсібіндегі ресейлік сақтандыру тобы өкілдігінің директоры болды. 1995-1998 жыл аралығында Қазақстанның Сақтандырушылар одағының төрағасы қызметін атқарды. Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының инженер гидротехник мамандығын, Мәскеу гидромелиоративтік институтының аспирантурасын тәмамдаған. Осы қызметтен бұрын, 59-жастағы техника ғылымдарының кандитаты Сергей Лаврентьев әртүрлі қазақстандық сақтандыру компанияларда басшылық қызметте, оның ішінде Альянс Банктің еншілес компаниясы «Альянс Полис» АҚ-нын Басқарма Төрағасы ретінде және «Алма-Ата – АСКО» АҚ-ның бас директоры ретінде қызмет атқарды. Техника ғылымдарының кандидаты.

БТА Сақтандыру Директорлар кеңесінің Төрағасы Әнуар Сәйденов бұл тағайындауды түсіндіру барысында: «Мен өз тобымызда «БТА Банктің БТА Сақтандыру ЕК» АҚ жаңа Басқарма Төрағасы ретінде белгілі кәсіпкер Сергей Лаврентьевтің тағайындалғанына қуаныштымын. Оның мол тәжірибесі мен жоғары білімділігі сақтандыру нарығының өзіндік ерекшеліктерін жақын білуі, сақтандыру компаниясының орташа уақыт ішінде стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін белгілі факторлар қызметін атқаратын болады», – деп мәлімдеді.

БТА Сақтандырудың бірінші кезегінен кейін үш компанияның артықшылықтарын жинақтау басты назарда болады: кең ауқымды филиалдық желі мен сауда нүктелерінің үлкен көлемі және сақтандыру қызметтері мен өнімдерінің бай түрлерін, сонымен қатар сақтандыру қызмет нарығында жақсы кәсіби кадрларды ұсынады. Сондай-ақ БТА Сақтандыру біріккен клиенттік базасының аясында кросс-саудаларды белсенді қолдану мүмкіндіктерін жоспарлайды. БТА Сақтандыру өзіне «АТЛАНТА-ПОЛИС СК» АҚ мен «БТА Банкінің «БТА Забота ЕСК» АҚ компанияларының міндеттерін толық көлемде және қосылатын компаниялардың келісімге қол қойылған шарттарды қабылдағандығын растап отыр. БТА Сақтандыру тек толық және өз мерзімінде сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мен толықтыруға ғана кепіл бермейді, сонымен қатар сақтандырушыларға көрсетілетін қызмет сервистерінің одан ары қарай да белсенді жұмысын жалғастырады.

БТА Сақтандыру сенімді және салиқалы сақтандырушының беделін одан әрі нығайтуды жоспарлауда, яғни өз клиенттері мен серіктестерінің алдында міндеттерін орындау мен сақтандыру нарығындағы ұстанымдарды күшейтеді.

Жансая ТАҢЖАРЫҚОВА,
БТА Банкі, PR және жарнама департаментінің бас маманы.